**Автор**: Калауова Гульзира Нурлукуловна
**Пән**: Қазақ тілі (Т1)
**Сынып**: 5-сынып
**Бөлім**: Тіл және қарым-қатынас
**Тақырып**: Сөйлеу тілінің қажеттілігі

---

| | |
|---|---|
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | Т/А3 Мәтіннен ақпаратты анықтау Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. |
| Сабақтың мақсаттары: | Барлық оқушылар мәтін мазмұнын түсінеді; негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алады. Көптеген оқушылар мәтін мазмұнын толық түсінеді; негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. Кейбір оқушылар мәтін мазмұнын терең түсінеді; негізгі және қосымша ақпарат екенін дәлелдей алады. |
| Бағалау критерийлері: | Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды. |
| Тілдік мақсаттар: | Пән лексикасы және терминология: құндылық, аманат, қарым –қатынас, қажеттілік, теріскен Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: сөйлеу арқылы, күнделікті өмір, кеңес беру, басты құрал |
| Пәнаралық байланыс: | Қазақ әдебиеті |
| Мектеп құндылықтары: | Ынтымақтастық: жақсы қарым-қатынас орнату, ынтымақтастық дағдысын қалыптастыру, сындарлы тіл табу, қарым-қатынас орнатуда сыни тұрғыдан ойлану сынды қасиеттерді қамтиды. |
| Осыған дейін меңгерілген білім: | Алдыңғы біліммен байланыстыру: «АКРОНОМ» әдісі арқылы байланыстырылады. |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| сабақтың басы: (2мин) | Ұйымдастыру:<br>-оқушылардың сабаққа қатысын тексеру;<br>- сабақ мақсатымен таныстыру;<br>«АКРОНОМ» әдісі Оқушылар қасында отырған жұбымен бірге берілген сөзден сабақ тақырыбына қатысты сөйлем немесе мақал\өлең жазады (ауызша орындауға да болады) Т- І - Л - Мысалы: Тілді Ілгерілету үшін Лауазымды тұлға болудың қажеті жоқ. Оқушылар өз нұсқаларын сыныпқа таныстырады.<br>Кері байланыс:<br>Тапсырманы орындау қаншалықты жеңіл\күрделі?<br>Неліктен? | |

<table>
<tr><th>Сабаққезеңдері</th><th>Жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>сабақтыңортасы:</td><td>С.Тыңдалым алды тапсырма.<br><br><br>Оқушылар шарда берілген 3 тақырыптыңбірін таңдап,<br><br>тыңдалым мәтіні не туралы екенін болжайды. Дәлелдеркелтіре отырып, өз ойларын жеткізеді. Оқушыларға бағалау критерийі мендескриптор таныстырылады.<br>
<table>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор оқушы</td></tr>
<tr><td>Мәтін мазмұнын толық түсінеді, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды.</td><td>Негізгі және қосымша ақпараттарды ажыратып жазады<br>Өз пікірін дәлелдейді</td></tr>
</table>
<br>Тыңдалым кезіндегі тапсырма.<br>https://www.youtube.com/watch?v=Pi-POcnr0bE<br>Оқушылар дәптерлеріне орындайды: Ж.Маңыздылық аймағы Ішкі шеңберге- негізгі ақпараттар Сыртқы шеңберге- қосымша ақпараттар<br><br><br><br>ЖЖ.<br>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. «6 Неліктен?» әдісі Оқушылар өздерінің жазған ақпараттарының негізгі және қосымша ақпарат болатынын дәлелдер келтіре отырып, өзара талқылайды.<br>Мысалы:<br>1-оқушы: Сөйлеу тілі арқылы біз күнделікті хабарларды жеткізіп отырамыз – негізгі ақпарат.<br>2-оқушы: Неліктен бұл негізгі ақпарат бола алады?<br>1-оқушы: Себебі мәтіннің негізгі айтайын деп тұрған ойы осы сөйлеммен тікелей байланысты.<br>2-оқушы: Неліктен осы сөйлеммен тікелей байланысты?..<br>Ф.Мұғалім оқушыларды бақылайды, бағыт береді, журналына комментарий жазады.</td><td></td></tr>
<tr><td>сабақтың соңы:<br>(3мин)</td><td>Рефлексия:<br>Ризамын... (өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?)<br>Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасыз?)<br>Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?)</td><td></td></tr>
</table>